

## Қолаң мен Кертінді туралы аңыз.



“Қолаң” және “Кертінді” таулары туралы аңыз бар. Бұл – махаббат трагедиясы. Баяғы өткен заманда Қолаң деген қыз, Кертінді (шын есімі Абзал) деген жігіт болыпты). Қыз әке-шешесінің қалауымен басқа жігітпен аттастырылып қойылған екен. Сол себепті Кертінді мен Қолаң ауылдан қашып кетеді. Мұны білген қыздың туыстары арттарынан қуғын жібереді. Қуғыншылардың бірі сұр атқа, екіншісі күрең атқа мініпті. Аңыз бойынша «Сарыалаат», «Күреңалаат» атты көлдердің атаулары осыған байланысты туындаған.

Сонымен, Қолаң мен Кертіндінің алдынан тау арасында бір қария кездеседі. Ол қыз бен жігіттен «қайда бара жатырсыңдар», деп сұрайды. Олардың мақсаттарына көзі жеткеннен кейін, қария: «Мына жолмен жүре беріңдер. Қуғыншылар сендерді қуып жете алмайды», деп жөн сілтеген екен. Осы тауға қыз бен жігіт «Жақсы қарт» деген ат қояды.

Тағы біраз жүргеннен кейін алдарынан тағы бір қария кездеседі. Ол жастарға керісінше: “Сендер ешқайда қашып құтыла алмайсыңдар, бәрібір қуғыншылар қуып жетеді”, дейді. Бұл тауға Қолаң мен Кертінді “Жаман қарт” деп атау береді.

Біраз жер жүріп өткеннен кейін бір өзеннің қасына келіп тоқтайды. Қыз жуынып жатқанда моншағы үзіліп, суға түседі. Содан бері бұл өзен “Маржанкөл” аталады.

Мансапқор шонжарлардың рулық таласының құрбаны болған Абзалдың құрметіне Чкалов атындағы шаруашылыққа қазіргі кезде Кертінді аты қайта берілді. Бұл шаруашылық ертеде осылай аталған екен.

Аудан орталығынан 7-8 шақырымдай Көкөзек деген көлемді ауыл болған. Сол жердегі кішкене төбешікте арманына жете алмаған асыл ару Қолаң қыршын жасынан қиылған еді. Оны билер өктемдік жасап Досан деген байдың қолымен өлтірткен.